

**2018 - 2019 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 253 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 қыркүйекте № 4901 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2018 - 2019 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы - Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі*

*Қ. Ақсақалов*

## 2018 - 2019 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Оқу орындарының атауы	Сыныптама бойынша мамандық коды	Мамандық атауы	Біліктілік	Оқыту тілі	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, күндізгі оқыту нысаны (орын саны)		Оқу жылына мамандықтар бөлінісінде бір студентті оқытуға арналған жергілікті бюджет қаражаты есебінен жұмсалатын шығыстың орташа құны (теңге)	Бюджет бағдар әкімші
						11-сынып базасында			
1.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Білім беру бакалавры	қазақ орыс	3 3		443 300	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы мемлекеттік мекемесі"
		5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Білім беру бакалавры	қазақ орыс	1 1		443 300	
		5B010500	Дефектология	Білім беру бакалавры	қазақ орыс	1 1		443 300	
		5B010600	Музыкалық білім	Білім беру бакалавры	орыс	2		443 300	
		5B011400	Тарих	Білім беру бакалавры	қазақ орыс	3 1		443 300	
		5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	Білім беру бакалавры	қазақ	5		443 300	
		5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	Білім беру бакалавры	орыс	1		443 300	
		5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	Білім беру бакалавры	қазақ орыс	4 2		443 300	
		5B012500	Химия-Биология	Білім беру бакалавры	қазақ	6		443 300	
		5B012700	Математика-Информатика	Білім беру бакалавры	қазақ	3		443 300	
		5B011600	География	Білім беру бакалавры	қазақ орыс	2 2		443 300	
		5B080100	Агрономия	Ауыл шаруашылығының бакалавры	қазақ	7		635 800	
		5B080700	Орман ресурстары және орман шаруашылығы	Ауыл шаруашылығының бакалавры	қазақ орыс	3 3		635 800	
		5B130100	Жалпы медицина	Медицина бакалавры	қазақ орыс	1 0 11		609 000	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК